

Қысқаша түйіндеме

«AI және шығармашылық: балаларға арналған креативті шеберхана» эксперименттік алаңы мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңғыртуға бағытталған инновациялық бастама болып табылады. Эксперименттің әлеуметтік маңыздылығы – балалардың қиялы мен шығармашылық қабілетін заманауи технологиялар арқылы дамыту, олардың гаджетке әуестігін пайдалы арнаға бұру, педагогтер мен ата-аналарды инновациялық әдістерді қолдануға тарту.

Цифрлық қарқын даму бұл бағдарламаның негізгі тірегі болып саналады. Ол балаларға ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, сыни ойлау мен шығармашылық қабілетін дамытуға, цифрлық ортаға бейімделуге және жаңа идеяларды еркін ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық технологиялар дәстүрлі әдістермен ұштастырылып, баланың жан-жақты дамуына жағдай жасайды.

Бағдарламаның мазмұны 3 кезеңнен тұрады.

1 жыл – «Кішкентай сиқыршылар» (3–4 жас):

Сурет пен бояуда «ақылды» қарындаш, «тірі» бояуларды пайдалану; ертегі құрастыруда ЖИ-дің көмегі.

2 жыл – «Жас зерттеушілер» (4-5 жас):

Мультфильм мен комикс жасауға арналған қарапайым қосымшалар; «робот-композитор» арқылы әуен шығару.

3 жыл – «Жас архитекторлар» (5-6 жас):

«Болашақ қаласы» жобасы, 3D визуализация; ЖИ көмегімен сценарий мен кейіпкерлерді дамыту.

Нәтиже: Балалар қиялдайды, идея ұсынады, топпен жұмыс істейді, жобаны жоспарлап, таныстыра біледі.

Ерекшелігі: ЖИ – педагогтың көмекшісі, басты назар бала мен мұғалімнің тірі қарым-қатынасында.

Барлық кезеңдерде цифрлық гигиенаны сақтау, экран алдында уақытты шектеу, көзге арналған жаттығулар жасау қарастырылады. Бағдарлама барысында балалар дәстүрлі құралдармен (қағаз, бояу, қарындаш) қатар планшет пен интерактивті тақтаны, қарапайым балаларға арналған қосымшаларды пайдаланады.

Бұл бағдарлама балалардың шығармашылық қабілетін арттырумен қатар, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге, заманауи білім беру үрдісінде инновациялық тәжірибелерді кеңінен енгізуге жол ашады. Жоба нәтижесінде мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үлгісі қалыптасып, цифрлық қоғамға бейімделген шығармашыл тұлға тәрбиелеу ісіне үлес қосылады.

Эксперимент атауы: «АІ және шығармашылық: балаларға арналған креативті шеберхана»

Жетекші балабақша: Астана қаласы әкімдігінің МКҚК №83 «Жансая» балабақшасы

Серіктес балабақшалар: №23 «Алтын бесік», №54 «Нұр-Ай», № 93 «Айгөлек», №95 «Алматы»

Тақырыптың өзектілігі: Қазіргі мектепке дейінгі ұйымдар тәжірибесінде бірқатар қайшылықтар байқалады: балалардың табиғи қиялы мен технологияға қызығушылығы жоғары, бірақ дәстүрлі әдістер оны толық аша бермейді; цифрлық құралдар күнделікті өмірге енгенімен, балабақшада жас ерекшелігіне сай, шығармашылыққа бағытталған қолдану жеткіліксіз; педагогтар мен ата-аналар балалардың гаджетке әуестігін байқайды, бірақ оны пайдалы арнаға бұратын әдістемелік база әлі де жетіспейді. Осы қайшылықтарды шешу үшін эксперимент алаңын ұйымдастыру қажеттілігі туындайды.

Зерттеу объектісі: Мектепке дейінгі ұйымның 3-5 жастағы балалары

Зерттеу пәні: Мектепке дейінгі ұйымдарда өткізілетін оқу-тәрбие үдерісі

Эксперименттің мақсаты: Жасанды интеллект элементтері арқылы балалардың креативтілігін, қиялын, сыни ойлау дағдыларын және шығармашылық әрекеттерін дамыту.

Міндеттері.

- Мектепке дейінгі ұйым балаларына жасанды интеллект элементтерімен қарапайым деңгейде танысуға мүмкіндік беру;

- дәстүрлі және цифрлық құралдарды қолдана отырып, балалардың өзіндік шығармашылық өнім жасауына жағдай жасау;

- бағдарламаның оқу-тәрбие процесіне ықпалын тәжірибе арқылы анықтап, тиімді әдістемелік ұсыныстар әзірлеу.

Болжамы: Егер мектепке дейінгі ұйымдарда «АІ және шығармашылық: балаларға арналған креативті шеберхана» бағдарламасы жүйелі түрде енгізілсе, онда балалардың қиялы, креативті ойлауы, танымдық белсенділігі мен бірлесіп әрекет ету дағдылары артады; ал педагогтердің инновациялық әдістерді қолдану мүмкіндігі кеңейеді.

Эксперимент мерзімдері: 2025-2028ж.ж

Кезеңдері

I кезең 2025-2026 ж

II кезең 2026-2027 ж

III кезең 2027-2028 ж

Эксперимент кезеңдері

№	Кезеңдер	Іске асу мерзімі	Жұмыстың мазмұны	Күтілетін нәтиже
1	Тәжірибелік	2025-2026жж	1. Бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг нәтижелерін салыстыру. 2. Педагог, мамандардың кәсіби біліктіліктерін арттыру.	1. Балалардың креативті ойлау деңгейлері анықталады. 2. Қолдануға ыңғайлы педагогикалық құралдар қалыптасып, жасанды

			3.Ата-аналарға кездесулер ұйымдастырылып, кеңестер беріледі. 4.Жасанды интеллект негізінде әзірленген әдістемелерді оқу-тәрбие үдерісіне енгізу. 5. Балабақшада семинар ұйымдастыру	интеллектті қолдану тәжірибесі жетілдіріледі. 3.Ата-аналар ЖИ-дің мүмкіндіктерін түсінеді, балабақшамен байланысы нығаяды. 4.Балалардың креативті ойлауы дамиды, оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігі көтеріледі. 5.Жаңа тәсілдер мен әдістемелік шешімдер енгізіліп, тәжірибелік нұсқа толықтырылады.
2	Жалпылау	2026-2027жж	1.Бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг нәтижелерін салыстыру. 2.Балалардың шығармашылық және креативті ойлау деңгейіндегі өзгерістерді жүйелеу. 3.Практикалық нұсқаулықтар мен әдістемелік ұсыныстарды дайындау. 4.Қалалық деңгейде семинар ұйымдастыру, тәжірибе көрсету.	1.Балалардың білім деңгейлерінің сапасы айқындалады. 2. Балалардың шығармашылық ойлау деңгейі анықталып, даму динамикасы жүйеленеді. 3. Балабақшаның оқу-тәрбие процесіне енгізуге болатын нақты ұсыныстар мен әдістемелер дайындалады. 4. Қалалық деңгейде семинарда іс- тәжірибемен бөліседі.
3	Қорытынды-енгізу	2027-2028жж	1.Балалардың білім деңгейінің мониторингі жүргізу. 2.Эксперименттік алаң жұмысы оңтайлы нәтижесін беріп, қорытындылау 3.Тәжірибе жетістіктері басылымдарға шығады. 4.Қалалық, республикалық деңгейде семинарлар, конференциялар өткізіліп, іс-тәжірибе барысы көрсету. 5. Оқыту қызметінің моделі құрылады. Іс-тәжірибе Республика деңгейінде тарату	1.Балалар үлгерімі қорытындыланады. 2.Эксперимент алаңы жұмысы қорытындыланады. 3.Тәжірибе алмасу қалалық, республикалық деңгейде жүргізіледі. 4.Іс-тәжірибелер семинарларда, басылымдарда, конференцияларда көрсетіледі. 5.Іс-тәжірибе нәтижесінің материалдары жинақталады.

ЭКСПЕРИМЕНТТІ ЖҮРГІЗУДІҢ ҚАЖЕТТІ ШАРТТАРЫ:

1. Материалдық техникалық базаның болуы
2. Педагогикалық кадрдың қамтамасыз етілуі
3. Ғылыми тұрғыдан қажетті құжаттармен қамтамасыз етілуі
4. Ғылыми сүйемелдеу
5. Педагогтардың біліктілігін арттыру шаралары
6. Эксперименттік топты таңдау
7. Кабинетті жасақтау
8. Әдістемелік сүйемелдеу

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ:

Бақылау әдісі. Балалардың шеберхана барысындағы әрекетін, қызығушылығын, белсенділігін қадағалау. Креативті ойлау белгілерін (қиял, жаңа идея ұсыну, проблеманы ерекше шешу) тіркеу.

Әңгімелесу әдісі. Балалардың ЖИ қолданудағы әсерін білу. Баланың ой-пікірін еркін жеткізуіне мүмкіндік беру.

Тест және диагностикалық тапсырмалар. Креативті ойлауды өлшеуге арналған психологиялық тесттер (мысалы, Торренс тесті элементтері). Қарапайым логикалық, бейнелік, шығармашылық тапсырмалар.

Эксперимент әдісі. Бақылау және эксперименттік топ құрып, ЖИ қолданудың тиімділігін салыстыру. Арнайы дайындалған ойындар, тапсырмалар арқылы шығармашылыққа ықпалын тексеру.

Сауалнама жүргізу. Педагогтер мен ата-аналарға ЖИ-ды қолдану туралы пікірін білу. Балалардың шығармашылық қабілетін дамытудағы өзгерістерге қатысты мәлімет жинау.

БАҚЫЛАУ, МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ ЭКСПЕРИМЕНТ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ДҰРЫСТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚҰРАЛДАРЫ:

Бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг жүргізу. Нәтижелерді статистикалық және сапалық талдау. Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес тапсырмалар қолдану. Педагогикалық кеңес, сарапшылар пікірі.

ЭКСПЕРИМЕНТ БАҒДАРЛАМАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ӘЗІРЛЕМЕЛЕРДІҢ ТІЗІМІ:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы;
3. Қазақ әдебиеті журнал. «Жасанды интеллект туындылары» А.Әбитұлы 20.03.2024ж. <https://qazaqadebieti.kz/44405/zhasandy-intellekt-tuyndylary>;
4. «Мектепке дейінгі білім берудегі ақпараттық технологиялар» — педагогика саласында PDF материалдар жинағы Азнабаева Р.Р., Калыкова Д.А., Акашева А.Х., Акишева Г.К., және басқалар;
5. Педагогикалық іс-әрекеттердегі Жасанды интеллект интеграциясы. Роза Дәулетова (Атырау облысы), Кәрім Асхат («Quantum TECH» мектебі);
6. «Білім берудегі жасанды интеллект: негіздері және практикалық қолданылуы» Тазабекова П.Қ., Базарбаева А.М.; 14.06.2024 жыл https://qyzpu.edu.kz/kz/a/news/2094--iskusstvennij-intellekt-v-obrazovanii-osnovi-i-prakticheskoe-primeneniye?utm_source;
7. «Балабақшадағы жасанды интеллект: білім берудің жаңа мүмкіндіктері» BilimInasy.kz 20.02.2025жыл https://ru.bilimainasy.kz/25-20-02-09/?utm_source;
8. «Жасанды интеллект технологиялары педагогтар тәжірибесінде» Қызылорда университеті және ҚР Оқу-ағарту министрлігі 21.04.2025жыл https://korkyt.edu.kz/article/1867?utm_source.